



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ

## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫН ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

Медициналық сақтандыру қоры 2018 жылдан бастап – кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі шеңберіндегі қызметтерге тапсырыс беруші әрі халыққа көрсетілген қызмет ақысын төлеуші

Қызмет көрсетушілерді таңдау мен келісімшарт бекіту ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылы 7 тамыздағы №591 бұйрығы негізінде жүргізіледі



Көрсетілген қызмет ақысы сатып алу келісімшарты негізінде республикалық бюджет есебінен төленеді



Тарифті Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді



Қаржы Қормен келісімшарт бекіткен медицина ұйымдарына ғана беріледі

## ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕНЕДІ:



Медицина ұйымдары көрсетілген қызметтер актісін Қорға ұсынады;

Қор көрсетілген қызмет сапасына мониторинг жүргізеді



Төлем ай біткеннен кейін, келесі айдың 20-на дейін жеткізушінің банктегі есепшотына аударылады.

Қор бекітілген келісімшарт сомасының ары кетсе 30 пайызын ғана аванс ретінде аудару алады.

Қор медицина ұйымдарын қаржыландырмайды. Ол тек халыққа көрсетілген медициналық қызмет ақысын төлейді.

## МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ РЕЦЕПТПЕН БЕРІЛЕТІН ДӘРІ-ДӘРМЕК АҚЫСЫН ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

кепілдендірілген тегін медициналық көмек шеңберінде



1

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі шекті бағасы көрсетілген дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдар тізімін бекітеді

Медицина ұйымдары қанша дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйым қажеттігін хабарлайды

2




3

Аймақтық денсаулық сақтау басқармалары медицина ұйымдарының сұранысын бюджетіне қарай бекітеді

СҚ-Фармация дәрі-дәрмек пен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алады

4




5

СҚ-Фармация денсаулық сақтау нысандарына дәрі-дәрмек пен медицина бұйымдарын бекітілген өтініштер мен кесте бойынша таратады

Медицина ұйымдары пациенттерге дәрі-дәрмекті емдеуші дәрігердің рецепті бойынша береді

6



7

Медициналық сақтандыру қоры пациентке рецепт бойынша қолма-қол берілген дәрі-дәрмек ақысын СҚ-Фармацияға төлейді



МЕДИЦИНАЛЫҚ  
САҚТАНДЫРУ  
ҚОРЫ

www.fms.kz